*2-қосымша*

## Педагогикалық тәжірибені тарату бойынша нұсқаулық

Инновациялық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату бойынша басшылықты:

- республикалық деңгейде – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі, Қосымша білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесі («педагог-шебер» біліктілік санаты үшін);
- облыстық деңгейде – облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың) Білім басқармасының әдістемелік орталығы жанындағы оқу - әдістемелік кеңес («педагог-зерттеуші» біліктілік санаты үшін).

### «Педагог-зерттеуші» үшін

1. Білім басқармасының Әдістемелік орталығы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес (бұдан әрі - ОӘК) авторлық бағдарламаны, әдістемелік материалдарды ОӘК туралы ережеге сәйкес қабылдайды.
2. ОӘК педагогтің авторлық бағдарламасын, әдістемелік материалдарын қарап, инновациялық педагогикалық тәжірибені мақұлдау және оны тарату бойынша ұсыныстар беру туралы шешім қабылдайды.
3. ОӘК шешімі хаттамамен рәсімделеді және аудандар/қалалар білім бөлімдеріне, педагогтерге жіберіледі.
4. ОӘК оң шешім қабылдаған жағдайда, Әдістемелік орталық педагогтің тәжірибесін тарату үшін кемінде 3 (үш) аудан/қаланы анықтайды.
5. Әдістемелік орталық педагогикалық тәжірибені тарату туралы бұйрық шығарады.
6. Педагог аудандық/қалалық әдістемелік кабинет әдіскерімен келісе отырып, тәжірибені тарату нысанын анықтайды: вебинар, шеберлік сабағы, семинар, конференция, шығармашылық шеберхана, тренинг және т.б. Тәжірибені тарату бағдарламасы жасалып, педагог жұмыс істейтін білім беру ұйымының басшысының мөрімен бекітіледі.
7. Әрбір аудан/қалада тәжірибе таратылғаны туралы ақпарат, фото/бейнематериалдар әдістемелік кабинеттің, педагог жұмыс істейтін білім беру ұйымының сайты мен әлеуметтік желілерде орналастырылады. Материалдар жинағы шығарылған жағдайда, педагог ОӘК мақұлдаған инновациялық педагогикалық тәжірибесінің материалын жариялайды.
8. Аттестаттау кезінде педагог келесі дәлелдерді ұсынады:

- облыстық/республикалық іс-шараларға (конференциялар, семинарлар/вебинарлар, конкурстар, тренингтер, марафондар, хакатондар және т.б.) қатысу бағдарламасының немесе бұйрығының көшірмесі;

- анықтама, сертификат, диплом, грамота (растайтын құжаттардың бірі);
- ОӘК хаттамасынан үзінді немесе сараптамалық қорытынды;
- үш аудан/қалада тәжірибені тарату материалдары (бағдарлама көшірмесі, білім беру ұйымының немесе педагог жұмыс істейтін облыстың (республикалық маңызы бар қалалар мен астана) Әдістемелік орталығының басшысының қолымен және мөрімен бекітілген).

**«Педагог-шебер» үшін**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі, қосымша білім беру Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі (бұдан әрі – РОӘК) авторлық бағдарламаны, әдістемелік материалдарды РОӘК туралы ережеге сәйкес қабылдайды.
2. РОӘК педагогтің авторлық бағдарламасы мен әзірлемелерін қарап, оң шешім қабылдаған жағдайда оны тарату бойынша ұсыныстар береді.
3. РОӘК шешімі хаттамамен рәсімделеді. Педагогтің ұсынылған әзірлемелеріне сараптамалық қорытынды білім басқармаларына жіберіледі.
4. Әр аймақтың Әдістемелік орталығы жыл сайын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне (Мектепке дейінгі білім департаменті, Орта білім беру комитеті, Техникалық және кәсіптік білім департаменті, Тәрбие жұмысы және қосымша білім департаменті) өз аймағындағы педагогикалық тәжірибені тарату жұмыстарының жоспарын (бағдарламасын) ұсынады. Жоспар ағымдағы оқу жылына арналған іс-шаралар кестесін қамтиды, мұнда педагогтер қатыса алатын іс-шаралар көрсетіледі.
5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Әдістемелік орталықтар ұсынған педагогикалық тәжірибені тарату іс-шараларының тізімдерін бекітіп, оларды Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырады.
6. Педагог өз тәжірибесін тарату үшін бекітілген тізімнен іс-шараларды дербес таңдайды, бұл ретте аудитория қамтуы кемінде үш аймақты құрауы тиіс.
7. Әрбір аймақта тәжірибені тарату туралы ақпарат, фото/бейнематериалдар әдістемелік орталықтың, педагог жұмыс істейтін білім беру ұйымының сайты мен әлеуметтік желілерде орналастырылады. Материалдар жинағы шығарылған жағдайда, педагог РОӘК мақұлдаған инновациялық педагогикалық тәжірибесінің материалын жариялайды.
8. Аттестаттау кезінде педагог келесі дәлелдемелерді ұсынады:

- республикалық/халықаралық іс-шараларға (конференциялар, семинарлар/вебинарлар, конкурстар, тренингтер, марафондар, хакатондар және т.б.) қатысу бағдарламасының немесе бұйрығының көшірмесі;
- анықтама, сертификат, диплом, грамота (растайтын құжаттардың бірі);
- РОӘК хаттамасынан үзінді немесе сараптамалық қорытынды;

– үш өңірде тәжірибені тарату материалдары (білім басқармасы немесе облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың) әдістемелік орталығы (педагог жұмыс істейтін облыс) басшысының қолымен және мөрімен расталған бағдарламаның көшірмесі).

## Инструкция по трансляции педагогического опыта

Руководство по изучению, обобщению и трансляции инновационного педагогического опыта осуществляют:

- на республиканском уровне – Республиканский учебно-методический совет Министерства просвещения Республики Казахстан, Республиканский учебно-методический совет дополнительного образования (для квалификационной категории «педагог-мастер»);

- на областном уровне – Областной (городов республиканского значения и столицы) учебно-методический совет при Методическом центре Управления образования (для квалификационной категории для «педагог - исследователь»).

### Для «педагога-исследователя»

1. Учебно-методический совет при Методическом центре Управления образования (далее - УМС) принимает авторскую программу, методические материалы согласно Положению об УМС.
2. УМС рассматривает авторскую программу, методические материалы педагога, принимает решение об одобрении инновационного педагогического опыта и рекомендации по его трансляции.
3. Решение УМС оформляется протоколом, направляется в отделы образования районов/городов, педагогам.
4. При положительном решении УМС Методический центр определяет не менее 3-х (трех) районов/городов для трансляции опыта педагогом.
5. Издается приказ Методического центра Управления образования о трансляции опыта.
6. Педагог по согласованию с методистом районного/городского методического кабинета определяет форму трансляции: вебинар, мастер-класс, семинар, конференция, творческая мастерская, тренинг и др. Составляется Программа трансляции опыта, которая заверяется печатью руководителя организации образования, в которой работает педагог.
7. Информация, фото/видеоматериалы о трансляции опыта в каждом из трех районов/городов размещается на сайте, в социальных сетях методического кабинета, организации образования, в которой работает педагог. В случае издания сборника материалов, педагог публикует материал инновационного педагогического опыта, одобренного УМС.
8. При аттестации педагог представляет доказательства:

– копию программы или приказа об участии на областных/республиканских мероприятиях (конференции, семинары/вебинары, конкурсы, тренинги, марафоны, хакатоны и т.д.);

– справка, сертификат, диплом, грамота (один из подтверждающих документов);

– выписки из протокола или экспертное заключение УМС;

– материалы трансляции опыта в трех районах/городах (копия программы, заверенные подписью руководителя и печатью органа управления образования или областного (городов республиканского значения и столицы) Методического центра (области, в которой работает педагог).

**Для «педагога-мастера»**

1. Республиканский учебно-методический совет Министерства просвещения Республики Казахстан, Республиканский учебно-методический совет дополнительного образования (далее – РУМС) принимает авторскую программу, методические материалы согласно Положению о РУМС.
2. РУМС рассматривает авторскую программу, разработки педагога, принимает решение. При положительном решении даёт рекомендации по его трансляции.
3. Решение РУМС оформляется протоколом. Экспертное заключение на представленные разработки педагога направляется управлениям образования.
4. Ежегодно Методический центр каждого региона направляет в Министерство просвещения РК (Департамент дошкольного образования, Комитет среднего образования, Департамент технического и профессионального образования, Департамент воспитательной работы и дополнительного образования) План (Программу) работы по трансляции педагогического опыта своего региона. План включает утвержденный график мероприятий на текущий учебный год с указанием предстоящих мероприятий, в которых могут принять участие педагоги.
5. Министерство просвещения РК утверждает предложенные Методическими центрами перечни мероприятий по трансляции педагогического опыта и размещает их на сайте Национальной академии образования им. И. Алтынсарина.
6. Педагог самостоятельно выбирает мероприятия из утвержденного перечня для трансляции своего опыта, при этом охват аудитории должен составлять не менее трех областей.
7. Информация, фото/видеоматериалы о трансляции опыта в каждой из трех областей размещаются на сайте, в социальных сетях Методического

центра, организации образования, в которой работает педагог. В случае издания сборника материалов, педагог публикует материал инновационного педагогического опыта, одобренный РУМС.

8. При аттестации педагог предоставляет доказательства:

– копию программы или приказа об участии на республиканских/международных мероприятиях (конференции, семинары/вебинары, конкурсы, тренинги, марафоны, хакатоны и т.д.);

– справка, сертификат, диплом, грамота (один из подтверждающих документов);

– выписки из протокола или экспертное заключение РУМС;

– материалы трансляции опыта в трех регионах (копия программы, заверенная подписью руководителя и печатью органа управления образования или областного (городов республиканского значения и столицы) Методического центра (области, в которой работает педагог).